

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ ИНСТИТУТЫНЫҢ НЕГІЗГІ
ҮДЕРІСТЕРІ****Есекей Айнагүл Еркінқызы**esekeeva.95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Заң факультетінің 3 курс студенті

Ғылыми жетекші – з.ғ.к.Ашимова Э.А.

Біздің елімізде ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бастап орын алып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік өзгеріс – жаңғырулар қоғамның құқықтық саласындағы өзгерістеріне де алып келді. Елімізде кез келген құқытың, мемлекеттің алғашқы тұғыры, берік іргетасы болып табылатын бірқатар заңдар: Конституция, Азаматтық кодекс, Қылмыстық кодекс, Қылмыстық-атқару кодексі және т.б. қабылданды.

Бұл таңда Қылмыстық құқықтың түсінігі мен маңызы бұрынғыларға қарағанда әлдеқайда өзгерістер мен толықтыруларға ұшырады. Бұл дегеніміз өмірдің жаңа ағымына қарай қылмыстық жаза түрлерінің өзгеруімен байланыстырамыз. Осыған байланысты біздің де заңнамамызда көптеген өзгерістер жүріп өтті. Себебі, 1997 жылға дейін біз бұрынғы заман талабына сай жазылған Қылмыстық кодексті қолданған болатынбыз, кейін кодексі заманауи өмірге бейімдеп өзгертулер мен толықтырулар енгіздік, себебі кез келген заңнама өзгерістер мен толықтыруларға ұшырап отыруы керек. Сол себепті біздің де Қылмыстық кодексіміз бірнеше рет өзгерді.

Біздің елімізде қылмыстық құқық толықтай дамып бітті деуге болмайды. Дәл болжай алмайтындығымыз, біздің болашақты біле алмайтындығымызда, яғни алда келе жатқан өзгерістерді дәл, нақты анықтай алмаймыз. Біз тек сол өзгерістерге бейімделіп, оған дайындала аламыз. Қолданыстағы қылмыстық кодексіміз 2015 жылы 1 қаңтарда заңды (№248-V)күшіне енді. Бұл барлық қылмыстық кодекстер сияқты «жаза тағайындау» институты туралы мәліметтерді қамтиды. Атап айтқанда жаза тағайындаудың негіздерін, оның түрлерін, олардың қолдану заңдылығын, яғни жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтауы, сондай-ақ сотталушы жасаған қылмыс ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын; рецидивтің болуы және оның түрін; сотталушының қылмыстық әрекеті қай сатыда тоқтатылғанын; қылмыстық топ, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық жасаған жағдайда сотталушының қатысу дәрежесін; қылмыстық мақсатқа жету үшін оның әрекеттерінің мағынасын және келтірілген немесе келтіруі мүмкін зиянның сипаты мен көлеміне ықпалын; қылмыстар жиынтығын; жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайларды; сол қылмыс үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау немесе шартты соттау негіздерін қамтиды[1].

Қазіргі таңда барлық мемлекеттердің Қылмыстық құқығындағы маңызды мәселе – жаза тағайындау. Жаза мемлекеттік күштеу шараларының бірі болып табылады және ол мемлекеттің қылмыспен қарсы күрес жүргізу құралдарының бірі ретінде қолданылады. Мемлекет қылмысқа қарсы күрес жүргізуде әр түрлі ұйымдастырушылық, тәрбиелік, экономикалық, рухани шаралардың барлық түрін кеңінен қолданады, сөйтіп қылмыстан сақтандыру мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Сондықтан да біздің жас, тәуелсіз мемлекетіміз қылмысқа қарсы күрес қылмыстық жазаны қолдануда ең негізгі басты күрес деп саналмайды, бұл құбылысқа қарсы күресте шешуші мәселелер болып экономикалық, ұйымдастыру, тәрбие, қоғам мүшелерінің белсенділігін, олардың құқықтық сана-сезімін жетілдіру арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да қылмыстық шара мемлекеттік күштеу шарасы ретінде тек арнаулы, заңда көрсетілген жағдайда ғана жүзеге асырылады. Қылмыс істеген адамдарға мұндай шараны қолдану мемлекеттің атқаратын функцияларының бірі ретінде қарастырылады. Мемлекеттік күштеу шаралары сан алуан. Оларға бөлек қылмыстық құқықтық шаралар ғана емес, азаматтық, әкімшілік, тәртіптік шаралар да

жатады. Қылмыстық шара мемлекеттік күштеу шараларының жеке бір түрі бола отырып, өз ерекшеліктерімен оқшауланады.

Зандылық пен құқық тәртібіне байланысты практикалық міндеттерді шешуде мемлекетіміздің құқықтық жүйесінің бір тармағы болып табылатын қылмыстық заңның рөлі едәуір, ол – заң бұзушылықтың қылмыс сияқты аса қауіпті түрімен күресуге бағытталған. Бұл күресте қылмыс жасаған адамға, оның жасаған қылмысына сәйке жазы тағайындалады.

Жазы тағайындау – жасалған қылмыста айыпты деп танылған адамға айыптау үкімін шығарарда қылмыстық ықпал жасаудың нақты шарасын соттың таңдауы. Жазы тағайындау қылмыстық заңды қолдану барысындағы ең жауапты және маңызды саты болып табылады. Өйткені, жазы тағайындау, оны жүзеге асыру сотталған адамды түзеуге, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге, қылмыстың алдын алуға ықпал етеді. Жазаның осы мақсаттарына қол жеткізу көбіне қылмыстық жазаны әділ әрі негізді тағайындау арқылы мүмкін болады [2].

Мемлекеттің күштеу шарасы ретіндегі қылмыстық жазаны мемлекет атынан тек қана сот тағайындайды. Қылмыстық кодекстің 39-бабында «жазы дегеніміз соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбірлеу шарасы» делінген. Яғни жазаның мақсаты:

а) әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру;

б) сотталғанды түзеу;

в) сотталған тарапынан жаңа қылмыстың жасалуын болдырмау (арнайы, жеке сақтандырудың мақсаты);

г) басқа адамдар тарапынан қылмысты болдырмау (жалпы сақтандырудың мақсаты).

Жазы тағайындалған әрбір жағдайда осы мақсаттар бірге қарастырылуы тиіс.

Айыпкерге жазы тағайындағанда сот тек жәбір шеккен адамға ғана емес, жалпы қоғамға қатысты әлеуметтік әділеттілікті біршама болса да қалпына келтіруге әрекет жасауға тиіс. Қылмыстық жазамен салыстырғанда басқа да мемлекеттік күштеу шаралары мемлекеттік органдар немесе лауазымды органдар арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 39-бабының 2-бөлігінде жазаның мақсаты-әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамдарды түзеу, сондай-ақ сотталғандарды да, басқа адамдарды да жаңа қылмыстарды істеуден алдын ала сақтандыру екендігі айтылған.

Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамға жазы тағайындау және жазаны орындау арқылы оны түзеу, сөйтіп жаңа қылмыс істеуден оны сақтандыру жазаның арнаулы ескертуі болып табылады.

Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру дегеніміз қылмыс істеген адамға әділетті жазы тағайындау, істелген қылмыстың қоғамға қауіптілігі, келтірілген зиян мөлшері, жазы тағайындаудың басты негіздері, кінәлінің жеке басының ерекшеліктері ескеріле отырып, қылмысына сәйкелетін, әділ жазы тағайындау болып табылады. Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру үшін заңдылық принциппен қатаң басшылыққа алып жасалған қылмысқа әділ құқықтық баға және лайықты жазы белгілеу қажет.

Қылмыстық кодекстің 52-бабы 1-бөлігінде «Қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға ҚК-нің Ерекше бөлімінің тиісті бабында белгіленген шекте және ҚК-нің Жалпы бөлімінің ережелері ескеріле отырып, әділ жазы тағайындалады» делінген. Жазы егер ол жасалған қылмыстың ауырлығына, қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесіне, кінәлінің жеке тұлғасына және қылмысты жасау жағдайларына сәйкес тағайындалатын болса әділетті деп танылады. Мұнда «сәйкес» термині бір ғана ұқсастық емес, тепе-теңдік деген мағынада қолданылады, яғни жазы қылмысқа сыртқы формальды жағынан емес, әлеуметтік жағынан және арифметикалық жағынан емес, заңдық жағынан тең болуы керек дегенді білдіреді. Сонымен бірге, жазы және негізді болуы керек. Егер оны барлығы, сотталғаннан бастап қоғамның барлық мүшелері заңды, негізді және көз жетерлік жазы ретінде қабылдаса ғана ол әділетті деп танылады. Тағайындалатын жазаның заңға сәйкестік талаптары ерекше маңызды. Жасалған қылмыстың қауіптілігін бағалай отырып, сот ең алдымен, аталған қылмыстың түріне ҚК-нің Ерекше бөліміндегі заң шығарушының берген бағасын ескеруі

керек. Сондықтан, әділетті жаза тағайындаудың міндетті алғышарты ретінде қылмыстың нақты заңдық саралануы саналады. Қылмысты саралаудағы қате әділетсіз жаза тағайындауға әкеп соғады [3].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 19 бабына сәйкес: «Әркім өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі осы кодексте көзделген тәртіппен дәлелденгенге бежәне соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз болып саналады». Осыған орай Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 11 бабына көрсетілгендей Қазақстан Республикасының қылмыстық істері бойынша сот төрелігін сот қана жүзеге асыра алады. Соттың үкімінсіз және заңға сәйкес емес түрде ешкімді де қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп тануға, сондай-ақ қылмыстық жазаға тартуға болмайды. Ең бастысы жаза тағайындау кезінде қылмыстық жауаптылықтың барлық принципі сақталуы міндетті, яғни: заңдылық, жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу, жеке басқа қол сұғылмаушылық және т.б. [4].

Қылмыстық құқық жаза тағайындағанда кінәлінің жеке дара жауапкершілік принципін негізгі басшылыққа алады. Осы мәселеге байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» №4 нормативтік қаулысында былай делінген: Қазақстан Республикасы Конституциясының барлық адам заң мен сот алдында тең, ешкім де заңды күшіне енген сот үкімі болмай қылмыс жасауда кінәлі деп танылуға жатпайды және қылмыстық жазаға тартыла алмайды деген ережелерін негізге ала отырып, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен ауырлығына, сотталушының қызметтегі және қоғамдағы дәрежесіне қарамастан, әрбір қылмыстық істі заңға сәйкес бұлжытпай шешуі қажет екендігіне соттардың назары аударылсын. Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 52-бабында көрсетілген жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтағандары, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын, қылмыстың қайталануын және оның түрлерін, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезеңін, сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі қатысу дәрежесін, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатына жету үшін оның әрекеттерінің маңызын және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен мөлшеріне ықпалын, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының болуын, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлардың болуын, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздерін ескерулері қажет. Тек қана осы мәселелерді еске алған жаза ғана әділ әрі заңға сай деп танылады [5].

Қылмыстық саясатта негізгі принциптің бірі – қылмыстық жауаптылық пен жазаның бұлтартпастығы. Қылмыстылықпен күресті қатаң да міндетті заңдылықты сақтай отырып, заң мен сот алдындағы азаматтың теңдігі сияқты принциптерге негізделіп жүзеге асыруы қажет.

Сот нақты жағдайларға байланысты әр уақытта да кінәлінің жеке басын сипаттайтын әлеуметтік мәні бар барлық жайттарды анықтауы қажет. Оның ішінде кінәлінің қылмыс істегенге дейінгі немесе одан кейінгі мінез-құлқы, оның еңбекке, оқуға деген көзқарасы, өмір сүру салты. Өзінің қоршаған ортаға қатынасы, оны сипаттайтын оң немесе теріс мән-жайлардың бәрі де ескерілуге жатады. Бұрын сотталғандарға, ішімдікпен, нашақорлықпен әуестенушілерге, қоғамдық тәртіпті бұзушыларға, қатыгездікпен немесе сыбайласып қылмыс жасағандарға шектен тыс жеңіл жаза тағайындауға болмайды. Керісінше, мемлекет, қоғам, отбасы алдындағы өз міндеттерін адал орындап жүрген, өндірісте, тұрмыста жағымды мінезімен сипатталатын адамдардың бірінші рет қылмыс жасауы олар үшін жеңілірек жаза тағайындауға негіз бола алады. Соттардың сотталушының жеке басының мәліметтерін жан-жақты объективті түрде тексеруі оларға тағайындалатын жазаның түрін және көлемін белгілеу үшін елеулі маңызды болып табылады. Сондықтан да қылмыстық құқықтың адамгершілік принципін басшылыққа ала отырып, сот жаза тағайындағанда сотталушының денсаулығын, отбасы жағдайын, еңбекке қабілеттілігі мен оған деген көз қарасын, білімін,

мүгедектігін, асырауындағы адамдардың санын, тағыда басқа мәліметтерді жан-жақты еске алады [6].

Қорытындылай келе, әрбір мемлекеттің мәжбүрлеу шарасының өз міндеті, өзіне тән мақсаты болады. Жазаның мақсаты - жаза тағайындау, оны қолдану және іске асыру арқылы мемлекет қол жеткізуге ұмтылатын әлеуметтік нәтиже.

Қазақстандағы жаза тағайындау институтында соңғы жылдары көптеген өзгерістер орын алды. Бұл дегеніміз өмірдің жаңа ағымына қарай қылмыстық жаза түрлерінің өзгеруімен байланыстырамыз. Осыған байланысты біздің де заңнамамызда көптеген өзгерістер жүріп өтті. Бұл еліміздің қылмыстылықпен күрес жүргізудегі шаралардың бірі және бұл шараны жаңа өзгерістермен одан әрі жетілдіру болашақта қылмыстылықтың пайызын кемітуге септігін тигізеді.

Жаза тағайындаудың мақсаты қылмыскерлердің санын арттыру емес, керісінше қылмыстардың санын азайту. Заман ағысының дамуымен байланысты қазір әлем бойынша жаңа қылмыстардың түрлері пайда болуда. Сол себепті қылмыстылықты тежеу үшін жазаны дұрыс қолдана білу қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. Оқулық. –Өңд.толықт., 4-бас. – Алматы: «Жеті жарғы», 2007. -216 б.;
2. Дулатбеков Н.О. Қылмыстық жаза тағайындау (теория және практика мәселелері) монография. – Астана: «Фолиант», 2002 ж. – 446 б.;
3. 2015 жылы 1 қаңтарда(№248-V) заңды күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;
4. 2015 жылы 1 қаңтарда (№231-V)заңды күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі;
5. 2015 жылғы 25 маусымдағы «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Пленумының№4 нормативтік қаулысы;
6. Сейілханов Е. Сот ісін жүргізу: Оқу құралы. 2-басылым. – Астана: Фолиант, 2011.

УДК 343.13

РЕАЛИЗАЦИЯ КОНСТИТУЦИОННЫХ ПРАВ И СВОБОД ЧЕЛОВЕКА И ГРАЖДАНИНА В УГОЛОВНОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ

Есенбаева Гүлжан Серікқызы

gul.serikkyzy@mail.ru

Студент 3 курса Юридического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева,
Астана, Казахстан

Научный руководитель – кандидат юридических наук, и.о. профессора кафедры уголовно-правовых дисциплин Сембекова Б.Р.

С принятием Конституции Республика Казахстан определила стратегические направления развития общества и государства, закрепила основополагающие права и свободы человека и гражданина, а также новую систему государственных институтов. Конституция Республики Казахстан также продолжила развитие демократии, укрепление законности и правопорядка. Основным законом страны, который ориентирован на общепризнанные идеи демократического, светского, правового и социального государства, было провозглашено, что высшими ценностями государства являются человек, его жизнь, права и свободы [1, 4].

Расширение и углубление демократии, которое характерно Конституции Республики Казахстан, имеет основополагающую значимость и для уголовного процесса. Основной закон усиливает демократизм уголовного судопроизводства и воплощается в нормах и началах уголовного процесса. Защита прав, свобод и интересов граждан стала основным